



Кел, жастарым, оқылық!

Жақында Ленин атындағы саябақта «Жазғы оқу залы» ашылды. «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалы, «Жас Отан» жастар қанаты және облыстық С.Торайғыров атындағы біріктірілген ғылыми-әмбебап кітапхананың бастамасымен өткен әдеби кеш дәстүрге айналмақ.

Ұйымдастырушылар оқуларды күз айына дейін жалғастырмақ ниетте. Әр жексенбі сайын бірнеше тілде жазылған, өртүрлі жанрлы, сан алуан авторлардың кітаптары жастар арбатында көрмеден орын алатын болады.

Өткен аптада оқушылар мен жастар 35 кітаптың мазмұнымен танысты. С.Қалиұлының «Қайсысы күшті?», Ш.Айтматовтың «Кеме», Д.Дефоның «Робинзон Крузо» және тағы да басқа туындылар оқырман қауымның ой-талқысына салынды. Топтарға бөлініп, араларынан модератор сайлаған олар оқылған

шығарманы талқылап, ойларымен бөлісті.

«Жас Отан» жастар қанаты Павлодар облыстық филиалының атқарушы хатшысы Сапар Шалабаев та кітаптарды оқып, қатарластарына білім толықтыру үшін мол мүмкіндік жасалып отырғанын тілге тиек етті. Алдағы уақытта «Жазғы оқу залына» депутаттар, ақын-жазушылар, спортшылар және тағы басқа танымал тұлғалар шақырылады, дейді ұйымдастырушылар. Мәртебелі меймандармен бірге шығармалар оқу кейінгі буынның кітапқұмарлығын арттыра түседі.

Қ. ТІЛЕКТЕСҚЫЗЫ,
Павлодар қаласы.